


БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы
директоры  А.О.Джарылкасымова



«Аяжан» жекеменшік балабақшасы 2024-2026 оқу жылдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары

1. Жалпы ереже

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тәрбиеленушілердің бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, отбасымен бірлескен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға, баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында баланың жас ерекшелігі ескеріліп, күнделікті оқу-тәрбие процесіне ұлттық құндылықтар, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, достық және табиғатты қорғау идеялары енгізіледі.

2. Мақсаты

Тәрбиеленушілердің бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, Отанын, туған жерін, отбасын, достарын құрметтейтін, мейірімді, адал, жауапты, еңбекқор және мәдениетті тұлға тәрбиелеу.

3. Міндеттері

- * тәрбиеленушілерді Отанын сүйуге және туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- * мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін қалыптастыру;
- * қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетіне қызығушылығын арттыру;
- * үлкендерді сыйлау, кішіге қамқор болу дағдыларын қалыптастыру;
- * адалдыққа, әділдікке, жауапкершілікке тәрбиелеу;
- * еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- * отбасы құндылықтарын дәріптеу;
- * достық, бірлік, татулық туралы түсініктерін кеңейту;
- * табиғатты қорғауға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- * қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- * ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу.

4. Негізгі құндылықтар

№	Құндылықтар	Мазмұны
1	Отаншылдық	Отанды, туған жерді сүю, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу
2	Бірлік және ынтымақ	Достық, татулық, өзара көмек
3	Әділдік және жауапкершілік	Адал болу, уәдеде тұру, жауапкершілік таныту
4	Еңбекқорлық	Еңбекті бағалау, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру
5	Қамқорлық	Адамдарға, жануарларға, табиғатқа қамқор болу
6	Ұлттық құндылық	Салт-дәстүр, ұлттық ойындар, мәдени мұра
7	Отбасы	Ата-ананы, ата-әжені құрметтеу, отбасы мүшелеріне қамқорлық

5. 2024–2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары
ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Менің балабақшам – менің екінші үйім»	Балалардың балабақшаға сүйіспеншілігін қалыптастыру	Әңгімелесу	Тәрбиешілер
«Менің отбасым»	Отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу	Сурет салу	Тәрбиешілер
«Отбасы – тәрбие бастауы»	Отбасылық құндылықтарды насихаттау	Ата-анамен кездесу	Тәрбиешілер
«Әдепті бала – арлы бала»	Әдептілік дағдыларын қалыптастыру	Тақырыптық әңгіме	Тәрбиешілер
«Менің сүйікті отбасым»	Отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру	Шығармашылық жұмыс	Тәрбиешілер

ҚАЗАН – «ҚҰРМЕТ ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»	Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу	Әңгіме	Тәрбиешілер
«Ұстазым – ұлағатым»	Педагог еңбегін бағалауға үйрету	Шығармашылық жұмыс	Тәрбиешілер
«Қамқор болайық»	Мейірімділік пен қамқорлықты дамыту	Акция	Тәрбиешілер
«Жақсылық жасаудан жалықпа»	Жақсылық жасауға ынталандыру	Ойын	Тәрбиешілер
«Мен әдепті баламын»	Әдепті мінез-құлық қалыптастыру	Тәрбие сағаты	Тәрбиешілер

ҚАРАША – «ОТАНЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Менің Отаным – Қазақстан»	Отан туралы түсінігін кеңейту	Танымдық іс-шара	Тәрбиешілер
«Қазақстанның рәміздері»	Мемлекеттік рәміздерді таныту	Әңгіме	Тәрбиешілер
«Туған жерім – тұғырым»	Туған жерге сүйіспеншілігін арттыру	Сурет көрмесі	Тәрбиешілер

«Отанымның табиғаты»	Табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Шығармашылық жұмыс	Тәрбиешілер
----------------------	------------------------------	--------------------	-------------

ЖЕЛТОҚСАН – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Тәуелсіздік – ел тірегі»	Тәуелсіздік туралы түсінік беру	Танымдық сағат	Тәрбиешілер
«Менің Қазақстаным»	Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру	Ән, тақпақ	Музыка жетекшісі
«Көк туым – мақтанышым»	Мемлекеттік Туға құрмет қалыптастыру	Шығармашылық жұмыс	Тәрбиешілер
«Елімнің ертеңі – балалар»	Отаншылдық сезімін дамыту	Әңгіме	Тәрбиешілер

ҚАҢТАР – «АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Адал бала қандай болады?»	Адалдық туралы түсінік қалыптастыру	Әңгіме	Тәрбиешілер
«Шындықты айту – жақсы қасиет»	Шыншылдыққа тәрбиелеу	Жағдаяттық ойын	Тәрбиешілер

«Досыммен бөлісемін»	Бөлісу, көмектесу дағдыларын дамыту	Ойын	Тәрбиешілер
«Әділдік – жақсы қасиет»	Әділ болуға тәрбиелеу	Тәрбие сағаты	Тәрбиешілер

АҚПАН – «ДОСТЫҚ ПЕН БІРЛІК

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Дос болайық бәріміз»	Достық қарым-қатынасты қалыптастыру	Ойын	Тәрбиешілер
«Достық – татулықтың белгісі»	Шыншылдыққа тәрбиелеу	Әңгіме	Тәрбиешілер
«Бірге ойнаймыз, бірге күлеміз»	Ұжымдық әрекетке үйрету	Қимылды ойын	Тәрбиешілер
«Менің досым»	Досын құрметтеуге үйрету	Сурет салу	Тәрбиешілер

НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Наурыз – жыл басы»	Ұлттық мерекенің маңызын түсіндіру	Мерекелік іс-шара	Тәрбиешілер

«Қазақтың салт-дәстүрлері»	Ұлттық дәстүрлерді таныстыру	Танымдық сағат	Тәрбиешілер
«Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындарды насихаттау	Спорттық ойын	Тәрбиешілер
«Әжемнің өнегесі»	Әже тәрбиесін дәріптеу	Кездесу	Тәрбиешілер
«Бата – тәрбиенің бастауы»	Бата беру дәстүрін таныстыру	Әңгіме	Тәрбиешілер

СӘУІР – «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Еңбек етсең ерінбей»	Еңбекке қызығушылық қалыптастыру	Еңбек әрекеті	Тәрбиешілер
«Табиғатты аялайық»	Табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Экологиялық акция	Тәрбиешілер
«Гүлдерді күтеміз»	Өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету	Практикалық жұмыс	Тәрбиешілер
«Таза аула – таза балабақша»	Тазалыққа тәрбиелеу	Сенбілік	Қызметкерлер, балалар
«Еңбек – береке бастауы»	Еңбектің маңызын түсіндіру	Әңгіме	Тәрбиешілер

МАМЫР – «ОТАН ҚОРҒАУ, ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ»

Іс-шара	Мақсаты	Түрі	Жауапты
«Отан қорғаушылар»	Ел қорғаушылар туралы түсінік беру	Танымдық іс-шара	Тәрбиешілер
«Жеңіс – ұрпаққа аманат»	Жеңіс туралы түсінік қалыптастыру	Әңгіме	Тәрбиешілер
«Мен елімді сүйемін»	Отаншылдық сезімін арттыру	Тақпақ, ән	Тәрбиешілер
«Менің арманым»	Баланың болашаққа қызығушылығын дамыту	Шығармашылық жұмыс	Тәрбиешілер

6. Ата-аналармен жұмыс

- * «Отбасы тәрбиесі – бала тәрбиесінің негізі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу;
- * «Балаға көңіл бөлу – бақыт сыйлау» тақырыбында кеңес беру;
- * «Отбасылық құндылықтарды бірге қалыптастырайық» атты пікір алмасу;
- * ұлттық мерекелер мен іс-шараларға ата-аналарды тарту;
- * «Әжемнің ертегісі», «Әкемнің өнегесі» кездесулерін ұйымдастыру;
- * отбасылық шығармашылық көрмелер өткізу;
- * ата-аналарға қауіпсіздік және бала тәрбиесі бойынша ақпараттық бұрыш ұйымдастыру.

7. Педагогтермен жұмыс

- * «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін педагогтерге түсіндіру;
- * тәрбие жұмысына ұлттық құндылықтарды кіріктіру;

- * тәжірибе алмасу және әдістемелік отырыстар өткізу;
- * ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану;
- * балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие әдістерін қолдану;
- * ата-аналармен тиімді серіктестік орнату.

8. Күтілетін нәтиже: Оқу жылдарының соңында тәрбиеленушілер:

- * Отан, туған жер және отбасы туралы түсініктерін кеңейтеді;
- * мемлекеттік рәміздерді таниды және құрметтейді;
- * ұлттық салт-дәстүрлерге қызығушылық танытады;
- * үлкендерді сыйлау, кішіге қамқор болу қажеттігін түсінеді;
- * адалдық пен әділдіктің маңызын біледі;
- * еңбекке оң көзқарас қалыптастырады;
- * достарымен тату қарым-қатынас жасауға үйренеді;
- * табиғатты қорғау қажеттігін түсінеді;
- * қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады;
- * өз ойын еркін жеткізуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға талпынады.

9. Қорытынды : «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жұмыстары балабақшаның күнделікті оқу-тәрбие процесімен сабақтастырыла отырып жүзеге асырылады. Тәрбиешілер, педагогтер және ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастық арқылы баланың рухани-адамгершілік, патриоттық, еңбек және ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға жағдай жасалады.

Жоспарды құрастырған: Топ тәрбиешілері

Әдіскер: Ирзабекова Д.О.

Балабақша меңгерушісі: Джарылкасымова А